



**Халық пен билік
арасындағы сындарлы
диалог**

2-бет



**Қазақ хандығына 550
жыл**

3-бет



**Күркіреп күндей
өтті ғой соғыс**

4-бет

Аудан ТЫНЫСЫ

№ 13 (522) СЕЙСЕНБІ, 10 ақпан 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Н.НАЗАРБАЕВ ҚР ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ХАТШЫСЫ ЖӘНЕ ҚР ҚК БАС ШТАБЫНЫҢ БАС- ШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Нұрлан Ермекбаевпен және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштер Бас штабының бастығы Сәкен Жасұзақовпен кездесті, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Кездесу барысында Қарулы Күштердің қазіргі жағдайы, олардың жауынгерлік қабілетін арттыру, сондай-ақ заманауи әскери техникамен және қару-жарақпен қамтамасыз етілу мәселелері талқыланды.

Қазақстан Президенті елдің қорғаныс өнеркәсібі кешенін және әскери-техникалық ықпалдастықты одан әрі дамыту, әскери қызметшілердің кәсіби дайындығын ұдайы жетілдіру қажеттілігіне назар аударды.

Кездесу қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырмалар берді.

ШҚО КӘСІПКЕРЛЕР ПА- ЛАТАСЫ МЕН ШҰАР АЛ- ТАЙ АЙМАҒЫ СЕРІКТЕСТІК ЖӨНІНДЕ КЕЛІСІМ ЖАСАСТЫ

Өскеменде ШҚО Кәсіпкерлер палатасы мен ҚХР ШҰАР Алтай аймағының Халықаралық сауда палатасы өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды, деп хабарлайды ШҚО Ақпараттық орталығы.

Шығыс Қазақстанға Қытай Халық Республикасы ШҰАР Алтай аймағынан жұмыс сапарымен арнайы делегация келді. Екі жақты кездесу барысында ШҚО Кәсіпкерлер палатасы мен ҚХР ШҰАР Алтай аймағының Халықаралық сауда палатасы өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды. Аталмыш келісімнің мақсаты – өзара ынтымақтастықты күшейте отырып, іскер серіктес табу, сондай-ақ, заңгерлік кеңес қызметін көрсету. Қытайдан келген өкілдер өз кезегінде И. Шацкиймен келісетіндіктерін жеткізді. Осылайша, қос тарап көрмелік іс-шараларды ұйымдастыру және ақпараттандыру бойынша қолдау, мәселе туындататын сауалдар төңірегінде бірлесе шешу (кеденде), сондай-ақ, көрмелік-жәрменкелік саланы дамыту бойынша келісім жасасты.

БАҚ беттерінен

Аудан тұрғындарының назарына!

14 ақпан сенбі күні, сағат 11.00-де Жаңашүлбі ауылының ипподромында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған денсаулық фестивалі өтеді.

Бағдарламада:

- шаңғы эстафетасы;
- «шанамен сырғанау» эстафетасы;
- жотадан ұзындыққа сырғанау;
- қаппен жүгіру;
- мерекелік сауда;

Барлық қатысам деушілерге есік ашық.

ӘКІМ ЕСЕБІ

БАСШЫНЫҢ ІСКЕРЛІГІ - ІСІМЕН ДӘЛЕЛДЕНЕДІ

Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акуловтың биылғы жылғы есеп беру кездесуі барлық ауылдық округ әкімдерімен қатар өтті. Бұл қадам қоғамымыздағы демократиялық қайта құруларды кеңейтуге, көршілес мемлекеттегі еліміздегі орын алып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар туралы облыс пен өз аудандарымыздың тұрғындарының ақпараттандырылуын арттыруға ықпалын тигізді.

Ақпан айының 3,4 жұлдызында аудан әкімі Григорий Иосифович Переменовка, Жезкент кенті мен Ивановка, келесі күні Андреевка, Жаңа шүлбі, Жерновка ауылдарының тұрғындарымен жолығып, 2014 жылғы аудан бойынша атқарылған шаралар турасында кеңінен сөз етті. Енді аудан әкімінің есеп беруінде айтылған жайттар мен тұрғындар арасында көтерілген мәселелерді әңгімеге өзек етейік.

Күні кеше барлығымыз Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауына куә болдық. Ұлт Көшбасшысы өз Жолдауында дамып келе жатқан еліміздің экономи-

касын көтеруге ішкі және сыртқы нарыққа бәсекелестікке төтеп бере алатын іргелі еліміздің күнделікті өмірде азаматтарымыздың мәселелерін шешуге мүмкіндік беретінін, жыл сайын халық тұрмысын жақсартуды болашақтағы нұрлы жолды айқындап берді. Ауданда атқарылып жатқан жұмыстар ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ алдымызға қойған міндеттерді орындауға бағытталғандығын атап айтқымыз келеді. Ауданның негізгі табыс көзі - ауыл шаруашылығы мен егін шаруашылығы болғандықтан, оның негізгі салаларына баса назар аудару, жан-жақты жетілдіру-негізгі міндет. Бұл бағытта ауқымды істер баршылық. Дейтұрғанмен, әр саладағы жеткен жетістіктер мен межелерді ұстап тұру, оны заман көшінен қалмай дамыту әлі де болса алдыға үлкен міндеттер қоюды талап етері сөзсіз. Осы тұрғыда аудан басшысы алдағы уақытта атқарылуы тиіс ауқымды міндеттерге жеке-жеке тоқталып, оны жүзеге асырудың жолдарын атап көрсетті. Біздің басты мақсатымыз – экономиканың дамуына жаңа мүмкіндіктер жасау болып табылады. Аудан қызметінің барлық саласындағы нәтижелердің, әсіресе экономикалық көрсеткіштерін өз баяндамасында айғақтаған аудан әкімі әр округте жеке-жеке баяндама жасады. Енді әр ауылға жеке-жеке тоқталамыз

Переменовка

Переменовка мектебінің залында өткен халыққа есеп беру кездесуіне: Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов, Переменовка ауылдық округінің әкімі А.Тұрлыбеков, аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімі аппаратының басшысы С.Лазурин, аудан ұйымдарының өкілдері, аудандық медициналық бірлестіктің бас дәрігері - Ү.Әфендиев, Бородулиха ауданы білім бөлімінің басшы-

сы Н.Көкшебаева, құрылыс бөлімінің басшысы И.Лаукарт тағы басқада басшылар қатысты. Аудан әкімі мен ауыл әкімі 2014 жылғы атқарған жұмыстары жайында есеп беріп, 2015 жылға қойылған жоспарларын айтып өтті. Есеп беру барысында слайдтар көрсетілді. Тұрғындар аудан әкімінің баяндамасын тыңдап, ауыл ішіндегі халықты толғандырып жүрген мәселелерін айтып, өз сауалдарын қойды. Мәселен, ПЕРЕМЕНОВКА ауылдық округінде ауыл тұрғындарынан сауалдар жолдағандар су мәселесі жөнінде Андроновка ауылынан Переменовкаға су тарту туралы Қ.Ахметов, кәсіпкерлікпен айналысуға жер бөлу туралы Н. Жампейісовтер сауал жолдады. Аудан басшысы бірінші сұрақ бойынша қаражаттың жоқтығына, байланысты болашақта істелетінін, екінші сауал бойынша ауыл әкіміне тапсырма берсе, басқада шығып сөйлеушілер ауыл әкіміне өздерінің наздарын, сауалдарын төкті. Аудан басшысы ауыл әкіміне тұрғындармен бірлесе еңбек етуді тапсырды.

Жезкент

Түскі сағат 12-де Жезкент кентінің №1 мектебінің залында өткен халыққа есеп беру кездесуіне: Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов, Переменовка ауылдық округінің әкімі А.Тұрлыбеков, аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімі аппаратының басшысы С.Лазурин, аудан ұйымдарының өкілдері, аудандық медициналық бірлестіктің бас дәрігері Ү.Әфендиев, Бородулиха ауданы білім бөлімінің басшысы Н.Көкшебаева, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы М.Асавбаева, сонымен қоса кент депутаттары К.Апенев, О.Мусабеков, В.Ежова, қоғамдық ұйымдар өкілдері, Жезкент кенттік округінің белсенділері қатысты.

(жалғасы 2-ші бетте)

Төтенше жағдайлар комиссиясының келелі отырысы

Су тасқынының алдын алу



Ағымдағы жылдың 6 ақпанында аудандық әкімдіктің кіші залында ауданымыздағы су тасқынына қарсы іс-шараларды дайындау және алдын алу жөнінде отырыс болып өтті. Осы отырысқа аудан әкімінің орынбасары Б.Аргумбаев, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қ.Ризин және аудандық мекеме басшыларымен округ әкімдері қатысты. Күн тәртібінде аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қ.Ризин ауданда су тасқынына қарсы іс-шараларды дайындау және өткізу жөніндегі баяндаманы оқып, су тасқыны өте қауіпті болатыны жайлы видеороликті ұсынды.

Бүгінгі таңда су тасқыны қаупі бар учаскелердің округ әкімдері Новошүлба ауылдық округінің әкімі К.Қарымова, Новопокровка ауылдық округінің әкімі Т.Жаймұхамедов су тасқынына қарсы іс-шаралар уақытында өткізілетінін, бақылау бекеттері қойылатынын, қауіпті аймақтар күнделікті қатаң қадағалануда екенін айтып өтті. “Қазсушар” РМК Белағаш топтық су құбырын пайдалану жөніндегі өндірістік учаске бастығы А.Рахиманов

су тасқынына қарсы өткізілетін іс-шаралар жайлы өзінің баяндамасын оқыды. Барлық баяндамашыларға сұрақтар қойылып, тұшымды жауаптар алынды. Отырыс аяғында аудан әкімінің орынбасары Б.Аргумбаев сөз сөйлеп, әкімдікте қаралған мәселелерді саралап, тиісті шаралар қабылдап, соған сәйкес бірқатар тапсырмалар берді.

Т.ҚАЛИБАЕВ

БАСШЫНЫҢ ІСКЕРЛІГІ - ІСІМЕН ДӘЛЕЛДЕНЕДІ

(Басы 1-ші бетте)

Жезкент кенттік округі әкімінің міндетін атқарушы Б. Садыкова өткен 2014 жылда істелінген жұмыстары, ағымдағы 2015 жылда істелінетін жұмыстары туралы халық алдында есеп берді, соңынан кездесуге келген жұрт есеп беруіне байланысты өз сұрақтарын қойды. Бородулиха ауданының әкімі Г. Акулов орындалған жұмыстар туралы 2014 жылы аудан бойынша істелінген жұмыстар туралы және Жезкент кентінің тұрғындарын ағымдағы жылда істелінетін жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Бородулиха ауданының әкімі Г. Акуловтың есебінен кейін кентіміздің өміріне жалпы алғанда ауданымызға байланысты жезкенттіктер өз сауалдарын жолдады. Зейнеткер Е.Грудцын Жезкенттің ауылдық немесе кенттік

толғандырып жүрген мәселелерін айтып, өз сауалдарын қойды. Атап айтқанда, Л.Барышко, В.Перебеевалар тарапынан қысқы уақытта көшелерді қардан тазарту, ауылдық округте мал дәрігерінің жоқтығы, дәрі-дәрмектердің жеткізілуі, олардың бағалары жайында сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Қойылған сұрақтардың бірде бірі жауапсыз қалмады.

Жиын соңында тұрғындар аудан әкіміне, ауыл әкіміне әкім аппаратының мамандарына тұрғындар О. Нетрудненко, Г.Картабаева, Х. Галиева, мектеп директоры Д.Салимовалар «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында мүйізді ірі қара малын өсіруге несие алып бергендері үшін, мектептің ауылдың көркеюіне көмек көсеткендері үшін алғыстарын айтты.

МИХАЙЛИЧЕНКОВО



статуска жататынын сұраса, С.Абашкина, З.Волковалар су мен сауықтыру комплексі туралы, электр төлемдері, балабақшалардың болашағына байланысты сұрақтар қойды. Қойылған сұраққа байланысты аудан әкімі және соған қатысты басшылар мен депутаттар өз жауаптарын толығымен берді.

Ивановка

Түстен кейін Ивановка орта мектебінің акт залында Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов пен Новодворовка ауылдық округінің әкімі А.Камилаевтың есеп беру кездесулері өз жалғасын тапты. Кездесуге аудандық мәслихат хатшысы У.Майжанов, аудан әкімі аппаратының басшысы С.Лазурин, Бақы сайлау учаскесі бойынша депутаты Д.Салимова, Бородулиха аудандық ПБ бастығының орынбасары Р.Усенов, аудандық медицина бірлестігінің бас дәрігері У.Эфендиев, дербес бөлімдердің басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты. Аудан әкімі мен ауыл әкімі 2014 жылғы атқарған жұмыстары жайында есеп беріп, 2015 жылға қойылған жоспарларын айтып өтті. Есеп беру барысында слайдтар көрсетілді. Тұрғындар аудан әкімінің баяндамасын тыңдап, ауыл ішіндегі халықты

Ағымдағы жылдың 4 ақпан күні сағат 10-да «Үлгілі ауыл» Андреевка ауылдық округінің орталығы Михайличенково ауылында ауылдық округ әкімі Б.Кулаков және Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов тұрғындармен есептік кездесу өткізді.

Кездесуге аудандық маслихат хатшысы У.Майжанов, әкім аппаратының басшысы С.Н.Лазурин, Бородулиха аудандық маслихат депутаты А.Аубакиров, Бородулиха аудандық ПБ басшысы Р.Т.Рамазанов сонымен қоса аудандық мекеме басшылары, ауыл шаруашылық, бюджеттік ұйымдар мен жастар ұйымының мүшелері қатысты.

Есептік кездесуді ашқан Андреевка ауылдық округінің әкімі Б.Кулаков 2014 жылы атқарылған және 2015 жылға қойылған талаптар мен таныстырды, одан әрі сөз алған Бородулиха ауданы әкімі Г.Акулов 2014 жылға есеп бере отырып 2015 жылы атқарылатын іс-шаралар мен міндеттер туралы ақпарат берді. Кездесу барысында С. Купишева ауылдық клубқа музыкалық аппаратураның қажеттілігін айтты. Кездесу соңында Бородулиха аудандық ПБ басшысы Р.Рамазанов ауыл тұрғындарына жаңа тағайындалған ауылдық участкелік полиция инспекторы А.Байгазиновты таныстырды.

Жиналыс соңында ЖШС «Новая Заря» шаруа қожалығының директоры А.Матаев шаруа қожалығы атынан участкелік полиция инспекторы міндетін атқарған Қ.Бейсенбековке алғыс хат тапсыра отырып, өз ісінің маманы, кәсіпкерлік деңгейінің жоғары болғанын және ауылдық округ әкімінің аппараты жұмысына алғысын білдіре отырып аудан мен ауыл әкімінің жұмыстарына оң бағасын берді.

ЖАҢА ШҮЛБІ

Жаңа шүлбі ауылындағы әкім есеп беруіне аудандық мәслихаттың хатшысы У.Майжанов, аудан әкімі аппаратының жетекшісі С.Лазурин, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Р.Рамазанов, аудандық соттың төрағасы Д.Жексекенов, басқа да лауазымды тұлғалар қатысып, жұрттың пікіріне және ұсыныстарына құлақ асты. Кездесуде ауыл әкімі Г.Қарымова істелген жұмыстары бойынша сипаттама беріп өтті. Одан кейін аудан әкімі Г.Акулов ауданның экономикалық ахуалына көшті. Күзде ғана жаңадан ашылған кең де жарық мәдениет үйі халықтың көңілінен шыққан. Онда әртүрлі үйірмелер жұмыс істейді. Әкім есеп беруінен кейін баяндаманы тыңдап 2014 жылы Бородулиха ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына қаныққан ауыл тұрғындары өздерінің түрлі сипаттағы сауалдарын қойды. Мектеп директоры А. Бузин соңғы жылдары жолдың жөнделіп, көшелердің жарықтандырылғанына, көптеген игі істер атқарылғандығын айтып, әкім есептеріне оң баға беретіндігін айтты.

ЖЕРНОВКА

Түстен кейін «Жерновка орта мектебі» КММ-нің ғимаратында Бородулиха ауданының әкімі Григорий Иосифович Акуловтың және Жерновка ауылдық округінің әкімі Владимир Сергеевич Позигуновтың тұрғындар алдында есебі тыңдалды.

Жерновка ауылының әкімі В.Позигуновтың 2014 жылғы атқарылған жұмыстары туралы есебінде әлеуметтік, экономикалық, ауылшаруашылығы және өзге де салалар жөнінде айтып өтті. Округтің жетістіктері толығымен көрсетіліп, 2015 жылға жоспарланған іс-шаралар жөнінде айтылды.

Баяндама соңында түйінді мәселелер бойынша тұрғындар сұрақ қойды. Көшелерді жарықтандыру, қыс айларында жолдарды қардан тазалау, пошта бөлімі және өзге де сұрақтар қойылып, тұрғындарға қанағаттанарлық жауап берілді. Бородулиха ауданының әкімі Г.Акулов баяндамасында ауданның барлық салаларының бағыты туралы есеп берді. 2014 жылғы өткізілген іс-шаралар, еңбектегі жетістіктер туралы айтып өтті. Г.Акулов алдымыздағы жыл атаулы даталарға толы екенін де атап өтті: Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл және Ұлы Отан Соғысы Жеңісіне 70 жыл, Ұлы Абай Құнанбаевтың 170 жылдығы, Қазақ Хандығының 550 жылдығы және басқа да мерекелер. Соңында Жерновка ауданында шағын балалар орталығын ашу мәселесі көтерілді. Шағын балалар орталығы құрылысына 2015 жылға ақшалай қаражат бөлінгені туралы жауап берілді. Кездесу соңында Бородулиха ауданының әкімі Г.И.Акулов округ халқының гүлдене беруіне, еңбектеріне жеміс, бірлік-береке тіледі. Бұл күні болған аудан әкімінің есеп беруін ЖЕРНОВКА ауылдық округі бекемдеді. Округ тұрғындары әкімнің есеп беруін тыңдап болған соң, өздерінің әлеуметтік сипаттағы сауалдарын қойды. Оны жіті тыңдаған Григорий Иосифович айтылған әр мәселенің тындырымды болуы үшін тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

М.АТАЕВА



Ағымдағы жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығы кең көлемде тойланғалы отыр. Бұл бағыттағы іс-шараларға бұрынғы КСРО құрамында болған елдердің

тақырып ешқашан күн тәртібінен түспейтін, халықпен бірге жасайтын өзекті тақырып болып қала бермек. Арада өткен 70 жыл соғысты санажылдардағы соғыс туралы жазылған кітап та, түсірілген фильм де көп. Сол

Жеңіс жаңғырығы

«КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС»

басым көпшілігі атсалысып жатыр.

Осындай игі шаралар бастау алып жатқан кезде мен осы мақала арқылы әлемнің 61 мемлекеті қатысқан, 32 миллион адам қаза тапқан, 2195 күнге (6 жылға) созылған, Қасымның тілімен айтқанда «күндей күркіреп өткен соғыс» туралы ақиқат пен аңыздың ара жігін ажыратуға тырысып көрмекпін. Бұл тақырыпта осы күнге дейін талай мақала жарияланып, талай кітап жараланған соғыс қалай басталды, Гитлер мен Сталин бұл соғысқа алдын ала дайындалғаны рас па, соғысқа қатысқан қазақстандықтардың саны неліктен бұрмаланды деген және тағы басқа сұрақтарға жауап іздеп көрейін.

«Мың өліп, мың тірілген қазақ» үшін Ұлы Отан соғысы да бір ауыр сынақ болды. Дара туған даңқты батырымыз Бауыржан Момышұлы: «Соғыс қазақ халқының тарихын да күрт өзгертті. Мыңдаған отандастарымыздың жүрегіне өшпес із, жазылмас жара салды», - деген болатын. Сондықтан бұл

кітаптардың ішінде «История второй мировой войны», «История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941 – 1945 гг.» атты кітаптар ең ірі кітаптар боп табылады. Алайда бұл кітаптар Г.Жуков, И.Конов секілді маршалдардың естеліктері мен ойлары негізінде сол кездің идеологиялық ұстанымымен жазылған дүниелер еді. Содай-ақ Н.Хрущев, Л.Брежнев сияқты партия басшыларының тапсырмасымен жазылған жасанды шығармалар да сөрелерді сықырлатқан болатын сол заманда. Соның салдарынан біршама тарихи деректің бұрмаланғанын бүгінгі зерттеушілер айтып та, жазып та жатыр.

Мысалы, бұрын (кеңес дәуірінде) Германия Кеңес одағына еш ескертпестен, кенеттен шабуыл жасады делінетін. Алайда бұл пікір шындыққа жанаспайтыны бүгін белгілі болып отыр. Бұл соғысқа екі жақ та белсенді түрде дайындалған екен. Сталин экономиканы милитаризациялауды күшейту арқылы Гитлерді тақырға отырғызбақ болады. Бірақ Гитлер оның алдын орап

кетті. Соғыс басталар алдында 1941 жылдың маусым айында шабуыл жасалатындығы жөнінде ақпарат болған. Оны «Қызыл капеллаға» қатысушылар да, тыңшы Рихард Зорге де, дипломаттар да Сталинге дер кезінде жеткізген. Алайда большевиктердің көсемі бұл ақпаратқа сенімсіздік танытып, ірі стратегиялық қателік жасайды. Соның салдарынан Кеңес одағы соғысқа дайын болмай шықты. Нәтижесінде қаншама жазықсыз жанның өмірі қиылған қантөгіс басталды. Кеңес әскері үшін соғыс қатты соққы болды.

Украина, Белоруссия, Балтика елі, Молдавия, Ресейдің көптеген аймағы аз уақыт ішінде немістердің қолына өтті. Соғыстың алғашқы төрт айының ішінде қызыл әскердің 5,4 миллион сарбазы тұтқынға түскен. Мұндай көрсеткішті немістердің өзі де күтпеген екен. Әлі де болса толық, нақты деп айтуға келмейтін статистикалық деректерге сүйенсек, 1941 жылдың аяғына дейін, яғни 6 айдың ішінде 4 миллион кеңес сарбазы қаза тапқан.

(Жалғасы 4-ші бетте)

КАЗАК ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛ

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫ: Қасым хан



(Басы өткен нөмірде)
Әзірлеген: Ә. СҰЛТАНОВ

Енді Қасым хан туралы айтпас бұрын, алдымен оның ата-тегіне қысқаша тоқтап кетелік. Қасым хан — Шыңғыс хан ұрпағы. Шыңғыс ханның кім екендігі баршаға мәлім. Қасым хан оның үлкен ұлы — Жошыдан тарайды. Жошының он төрт ұлының бесеуі және олардан тараған ұрпақтар XIII-XV ғасырларда Еуразияның шығыс бөлігіндегі саяси тарихта үлкен рөл атқарады. Орда Ежен, Батый, Шайбан (Шибан), Тұқай Темір ұрпақтары Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Қазан, Қырым, Астрахан, Сібір, Хорезм хандықтарының, Мауреннахрдың (XVI-XVIII ғ.ғ.) хандары болған.

Ортағасырлық кейбір дерек мәліметтері мен соларға негіздел жазылған қазіргі тарихи зерттеулерде Қасым ханның Жошының қай ұлынан тарайтындығы жөнінде екі түрлі көзқарас бар. Бірінші көзқарас бойынша, қазақ хандары Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды, ал екінші пікірдегілер қазақ хандарын Жошының ең кенже ұлы — Тұқай Темірден өрбітеді.

«Тұқайтемірлік» пікірді -костаушылардың сүйенетіні XVI және XVII ғасырларда жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат наме» мен Әбілғазының «Түрік шежіресіндегі» мәліметтер. Осы жолдардың авторы бұл жөнінде «тұқайтемірлік» пікірді сынап, дерек мәліметтеріндегі қателердің жіберілу себептері туралы аз дәлелдемелерін айтқан болатын.

«Орда Ежендік» пікірді ұстанушылар негізінен XIV және XV ғасырдың басында жазылған Рашид-ад Диннің «Жамиғ ат-тауарихы» мен атышулы «Ескендірдің анонимі» атты деректеріне сүйенеді. Біз де осы пікірді қостай отырып, Қасым ханның шежіресін былайша өрбітеміз: Шыңғыс хан — Жошы - Орда Ежен — Сасы Бұқа — Шымтай — Орыс хан — Қойыршақ — Барақ хан .

Көріп отырғанымыздай, Қасым хан жай ғана Шыңғыс ұрпағы емес, ежелден бері келе жатқан хандық әулеттің тікелей жалғасы, заңды өкілі, Орда Еженнен Орыс ханға дейін Қасым ханның аталары Деппі Қыпшақтың шығыс бөлігінде билік құрған. Алғашында Орда Ежен ұлысы деп аталған бұл бөлік, XIV ғасырдың басынан бастап Ақ Орда деп аталады. Саяси әкімшілік орталық, Сыр өңіріне көшіріліп, астана алғашында Сауранда, сосын Сығанақта болады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін дерек мәліметтеріне жүгініп көрелік. Онда Орда Ежен туралы: «Жошының мұрагері екінші ұлы Батый билікке келгенімен, Орда Ежен әкесінің тірі кезінде және одан кейінгі кездерде үлкен сый мен құрметте болды. Менгу ханның оларға жіберген жарлықтарында оның есімі бірінші жазылып отырған. ...Жошы әскерлерінің жартысын Орда Ежен, ал қалған жартысын Батый басқарды. Орда Ежен мен Батый ұлыстары бір- бірінен өте қашықта орналасты және әркім өз ұлысында

дербес билік жүргізді», — деп жазады Рашид ад-дин. Одан әрі ол: Орда Еженнің немересі Қоныша «ұзақ уақыт бойы Орда ұлысының билеушісі болды, — дейді. Қонышаның үлкен ұлы Баян әкесінің мұрагері және Рашид ад-диннің замандасы болған. Рашид ад-дин: «Қазіргі уақытта Баян әкесі Қонышаның орнында отыр, бұрынғыдай оның ұлысын басқаруда», — деп жазады. Қасым ханның бұл бабаларының билік құрған кезі 1225-1290-шы жылдар іші.

Қасым ханның XIV ғасыдағы хан бабалары туралы Натанзи көп дерек береді. Ол: «Баянның ұлы Сасы Бұқа Ақ Орданың билеушісі болып, 30 жыл басқарды. Ол хижраның 720 жылы (1320/21 ж.) қайтыс болды. Қайбірі Сауран қаласында деп жазады. Сасы Бұқаның ұлы Ерзен Алтын Орда ханы Өзбектің жарлығымен әкесінің орнына отырады. Өзінің үлкен қабілеттілігі мен көрегендігі арқасында аз уақытта Өзбек ханның беделіндей дәрежеге жетті», — делінеді деректе. Ерзен Ақ Ордада 25 жыл билік құрып, 1344/45 жылы қайтыс болады. Ерзен хан тұсында Сыр өңіріндегі Отырар, Сауран, Жент және Бар- шынкент қалаларында көптеген ғимараттар хан жарлығымен салынады.

Дешті Қыпшақтағы Мүбәрәк қожа ханның бүлігінен кейін Ақ Орда тағына Алтын Орда ханы Жәнібек ханның арнайы жарлығымен Қасым ханның бесінші атасы Шымтай отырады және оның билігі 17 жылға созылады. Одан кейін хандық билік 4-ші ата Орыс ханға (Мухаммед ханға) көшеді. Ол тіпті 1370-ші жылдар ортасында Алтын Орда тағын да билейді. Орыс хан туралы мәліметтер ортағасырлық деректерде мол кездеседі.

Орыс ханның төртінші ұлы және Қасым ханның үшінші атасы Қойыршақ 1395-96 жылдарда Жошы ұлысын билейді. Ақсақ Темірдің Токтамыс ханға қарсы күресінде Қойыршақ алғашқысын қолдап, жәрдем береді. Ол туралы Хайдар Рази: «Қойыршақ-оглан Орыс ханның ұлы. Ол да Темірдің көмегімен (Ақсақ Темірдің) ұлысы мен елін биледі. Біршама уақыттан кейін қайтыс болды», — деп баяндайды. Гафари де Қойыршақ огланның Ақсақ Темірдің Токтамыс ханға қарсы жасаған екінші жорығына қатынасқанын, Токтамыс хан жеңілгеннен кейін, Ақсақ Темір оған Жошы ұлысының билігін тапсырып, Еділ бойынан Дештіге жібергенін айтады. Қадырғали Жалайыри болса Қойыршақты «хан» атағымен қосып жазады.

Ал Қасым ханның атасы Барақ хан Ақ Орданың соңғы билеушісі болып, 1425 жылы Алтын орда тағын тарихта белгілі Ұлық Мухаммед ханнан тартып алған. Және сонда 1428 жылға дейін хандық құрады. Замандастары Барақ ханды «Алтын орда тағына үміткерлер ішіндегі «күшті бұраға» теңеп, «батыр, әрі алып болған», — деп суреттейді.

Қасымның әкесі Жәнібек ханның кім болғандығы көпке мәлім. Қазақ хандығының негізін қалаушы және Керей ханнан кейін қазақта хан болған. Билік құрған жылдары шамамен 1460-шы жылдар соңы мен 1470-ші жылдар басы.

Жоғарыдағы қысқаша шолудан байқағанымыздай, атакты Қасым хан жай ғана Шыңғыс ұрпағы емес. Ата-бабасынан қалған дәстүр, тектілік оның бойынан да табылады. Ол тек қана хандық әулеттің жолын жалғастырушы емес, сонымен бірге қалыптасқан жаңа саяси, этникалық жағдайларға сай хандық билікті, мемлекеттілікті дамытушы қайраткер.

Жәнібек ханның тоғыз ұлы болған. Оның ішінде Қасым мен Қамбар бір анадан, Жаған биден тұрады. «Тарихи Рашиди» атты еңбекте Қасым ханның қай жылы дүниеге келгендігін анықтайтын мәлімет бар. Онда автор 1513 жылы шағатайлық Сұлтан Сайд ханның Шу бойындағы Қасым хан Ордасына келгені жөнінде жаза келіп, «бұл кезде Қасым ханның жасы алпыстан асып, жетпіске жақындап қалған болатын», — деп баяндайды. Осыған сүйене отырып, 1513 жылы Қасым ханның жасы 67-68-дерде десек, онда ол 1445-46 жылдарда дүниеге келген болады. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихының зерттеушісі Т. И. Сұлтанов Қасым ханды 1445 жылы шамасында дүниеге келген деп есептейді.

Қасым ханның өміріне байланысты деректер 1470-ші жылдарға дейін ешбір еңбекте кездеспейді. Оның себебі түсінікті де. Қазақ хандығы құрылғаннан 1470-ші жылдар басына дейін мемлекеттегі ірі саяси тұлғалар Керей мен Жәнібек хандар болды. Ал Бұрындық, Қасым, Махмут, Әдік және т. б. сұлтандар хандардың жанында жүріп сол кездегі оқиғаларға араласқанымен, жазба деректерде негізгі хандар аталып отырған. Алғаш рет жазба деректе Бұрындық хан 1469/70 жылғы оқиғаға байланысты кездеседі. Өйткені бұл кезде оның әкесі Керей қайтыс болған еді. Сол сияқты Қасым да алғаш рет жазба дерек мәліметтерінде Жәнібек қайтыс болғаннан кейін, яғни 1470-ші жылдар басынан бастап айтыла бастайды.

XV ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап Қазақ хандығының тарихында жаңа кезең басталады. Саяси тарих тұрғысынан қарасақ, бұл кезең — Қазақ хандығының күшеюімен, нығаюымен, этникалық тарих тұрғысынан — қазақ халқының этникалық, ұлттық территориясының біріктірілуінің басталуымен сипатталады.

Мұндағы ең басты оқиғаға — Қазақ хандығының Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалар мен далаларды қайтару үшін Мауреннахр билеушісі ТХбрияен жүргізген күресі жатты. Бұл күрес 1470-ші жылдардан 1598 жылға созылды. Бір ғасырдан астам уақытқа созылған күрестің бірнеше кезеңі бар. Алғашқы кезең — 1470-1520-жылдар аралығында өтті. Мыс., алғашқы кезеңде Қасым хан өзін ірі қолбасшы, әрі ірі мемлекет басшысы ретінде көрсетіп, замандастарының жазбаларында ұлы тұлға түрінде көрініс табады.

1470-ші жылдар басында Жәнібек ханнан кейін хандыққа Бұрындық келеді. Бұрындық хан тұсында лыш, бүкіл қазақ әскерінің қолбасшысы „йодады. XVI ғасыр басында „азылГЭН «Шайбани нама» еңбегінің авторы Камал ад-дин Бинай Қасым тура-лы: «Бұрындық хан әскері ішіндегі атакты баһадүрі және мықты сұлтанның бірі», — деп жазады. Сырбойы үшін күрестің басталуына Әбілқайыр ханның (1428-1463) немересі Мухаммед Шайбани ханның 1471/1472 жылдары осы аймаққа келіп, тұрақтануы түрткі болды.

(жалғасы келесі нөмірде)

Қазақстанда туберкулез бизнесті дамыту үшін қауіп төндірмейді!

Қазақстанда туберкулез емделеді: туберкулезді диагностикалаудың және оны емдеудің халықаралық стандарттарға негізделген, әрбір азаматқа тегін негізде қол жетімді инновациялық жеделдетілген әдістері.

2004 жылдан бастап 2014 жыл аралығында туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіштері 55%-ға, өлім көрсеткіші 77%-ға төмендеді.

2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы:

- туберкулезбен сырқаттанушылық көрсеткіштері 9%-ға төмендеді.
- өлім көрсеткіші 16%-ға төмендеді.

Туберкулезді диагностикалаудың және оны емдеудің халықаралық стандарттарға негізделген инновациялық жеделдетілген әдістерінің барлық түрлері енгізілді.

70%-дан астам туберкулезбен ауыратын науқастар аурудың ерет сатысында, яғни жұқтыру сатысына дейін айкындалады.

Бактерия бөлетін барлық науқастар олардың жұқтыру кезеңдерінде бактерия бөлу тоқтағанға дейін стационар денгейлерінде ем қабылдайды.

Қазақстанда көптеген дәрілерге көнбейтін туберкулезбен ауыратын науқастардың 99% еммен қамтамасыз етілді, ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бұдан әрі – ДДҰ) стандартынан 85%-ға асып отыр.

ДДҰ жыл сайынғы есебіне сәйкес науқастардың аталған санатын емдеу тиімділігі біздің елімізде әлемдегі ең жоғары болып табылады және 73% құрайды.

2013 жылы туберкулезге қарсы ұйымның бюджет көлемі 35472 млн. теңгені, 2014 жылы 36244 млн. теңгені құрады.

Соңғы 3 жылда қызмет бюджетінің көлемі 4,6% құрады.

ДДҰ-ның соңғы миссиясы (2012 жылғы мамыр) Туберкулезге қарсы ұлттық бағдарламаның барлық аспектілер бойынша жұмысын оң бағалады.

Қазақстанның Туберкулезге қарсы ұлттық бағдарламасы кеңес үкіметінен кейінгі кеңістік елдерінің арасында анағұрлым тиімді ретінде бағаланды.

ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІҢ ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАНБАУЫНА БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Қазіргі уақытта бүкіләлемде бас бостандығынан айыру жазасымен сотталғандар өте көп. Бұл қай елдің болмасын экономикасына салмақ түсіреді, сондықтан үкімет түрме мәселесімен жіті танысуда. Көп мөлшердегі сотталғандарды бақылау үшін қызмет құрамының штатын ұлғайту керек. Бұдан бөлек түрмеге келу адамдар үшін «кылмыс мектебі» болып табылуда. Нақты мәселені карауда түрме жазасына балама жаза қолдануды енгізуді шешті. Қылмыстық заңнамаға өзгерістер енгізілді, осыған байланысты жаңа институт ашылды. Бұл түрдегі жазаның түрменің сотталушыға кері әсер етуінен құтылу мерзімін өтеу жазасын сотталушы жаңұясының жанында болып, жұмыс орнын сақтау құндылығы болып табылады. Қылмыстық жазалаудың бірнеше түрі бар, ол сотталушыны қоғамнан оқшауламау, Қазақстан Республикасы қылмыстық істер заңнамасының 63 бабында көрсетілгендей бақылауды күшейтуде жүзеге асыру, жүкті әйелдерді, жас баласы бар әйелдерді мерзімінен бұрын жазасынан босату (Қазақстан Республикасы қылмыстық істер заңнамасының 72 бабы), белгілі қызмет көрсету құқығынан айыру (Қазақстан Республикасы қылмыстық істер заңнамасының 43 бабы), бостандығын шектеу (Қазақстан Республикасы қылмыстық істер заңнамасының 45 бабы). Осы жазалар түрін атқаруды Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің бөлімшесі болып табылатын қылмыстық атқару инспекциясына жүктелген. Шығыс Қазақстан облысында 24 Қылмыстық Атқару инспекция быр. Оның он екісі қалалық және он екісі аудандық. Қылмыстық Атқару инспекциясының басты міндеті есепте тұрғандар арасында қылмыстың қайталанбауын ескертіп және қылмыстың алдын алу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

А.ИБРАЕВ, Бородулиха аудандық Қылмыстық атқару инспекциясының аға инспекторы әділет аға лейтенанты

ЖАЗАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТARTY TYPY

Көпжазалаардың бір түрі қоғамдық жұмыс. Бұл жаза сотталушының негізгі жұмысынан бос уақытында жергілікті жерде қоғамға пайдалы жұмыс істеуін Жергілікті Атқару мекемесі немесе Жергілікті өзін өзі басқару мекемесі анықтайды. Қоғамдық жұмыс сағатпен есептеледі. Жаза бөлікпен өтеледі. Төрт сағаттан аспауы керек. Сотталушының келесімінен төрт сағат демалыс күндері, сотталушы негізгі жұмысынан немесе оқуынан бос уақытында жүзеге асырылады. Ал жұмыс күндері Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасының екінші бөлімі 32 бабында көрсетілгендей сотталушының келісімімен жұмыстан немесе оқудан кейін жүзеге асырылады. Қоғамдық жұмыстың мақсаты заң бұзушыны қоғамға тарту.

1. Тәртіпке мәжбүрлеу аса күш қажет етушіні тегін жұмыспен қамтамасыз ету.

2. Олардың жұмысы қоғамға пайда келтіру, тәртіп бұзушының кесірінен келген зиянды орнына келтіруді қамтамасыз ету.

3. Тәртіп бұзушыны қоғамдық жұмысқа күштеп тарту тәртіпті сақтау, бос уақытындағы жазаны өтеу.

Сонымен қоғамдық жұмыс нақты шынайы жаза, ал оны өрбіту сотталушыға келген залалды орнына келтіруге нақты түрде мүмкіндік болады. Бұл жағдайда атқарушы билік бостандығынан айырудың Қазақстандағы балама бостандығынан айыру жазасын алуға мүмкіндік алады.

Н.АБДИЛДИНОВ, Бородулиха аудандық Қылмыстық атқару инспекциясының аға инспекторы

«ДІН ЖӘНЕ ЖАСТАР»

Ақпараттық насихат тобы ағымдағы жылдың 4 ақпанында ауылдық әкімдік залында «Дін және жастар» тақырыбына ауыл жастарымен кездесу өткізді.

Осы кездесуде аудандық мәслихат депутаты Ю.Ковязин, әлеуметтік сұрақтар бойынша кеңестің төрайымы Н.Давлетшина, мешіт имамы Т.Гизатов, «Прихода Покрова Пресвятой Богородицы» старостасы В.Смирнова және мектеп мұғалімдері қатысты. Жиналғандардың алдында діни бағыттағы тақырыпта ауылдық кітапхананың кітапханашысы Т.Поухова сөз сөйледі. Қазақстанда діни бірлестіктердің Қазақстан Республикасының Конституциясымен реттелетіндігіне, дін заманауи қоғамның ажыратылмайтын бөлігі болып табылатындығына назар аударылды.

Мешіт имамы Талғат Тұрсынұлы оқушылардың діни тәрбиесінің маңыздылығын, экстремистік топтардың адам санасына ықпал етуі туралы атап өтті. Ата-аналардың балаларға қатысты абай болуларын сұрады. Сөз соңында ауыл имамы «Мешіт есігі барлығы үшін ашық» - деп, барлық ниет білдіргендерді мешітке келуге шақырды.

Аудандық мәслихат депутаты Ю.Ковязин Қазақстанда дін тұту еркін таңдалатындығын және әрбіреудің өзіне дін таңдауға құқығы бар екендігі туралы әңгімелеп берді. Заманауи



уақытта жастардың әлеуметтік желілерде әңгімелесуге көп мүмкіндіктері бар, сондықтан олар сұхбаттасушыны таңдағандарында абай болулары керек екендігін атап өтті. Қоғамдықтың өкілі Найля Агзамовна біздің мемлекетімізде 130 жуық ұлт өкілдері бейбітшілік пен келісімде тұрып жатқандығын және осы жылы біз Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығын мерекелейтінімізді атап өтті.

Округ әкімі Талғат Махсатұлы іс-шараны өткізудің маңыздылығына тоқталып өтті. Ұлғайып келе жатқан әлемдік діни экстремизм жағдайында біздің балаларымыздың діни тәрбиесі ең алғашқы тапсырмалардың бірі болып қала береді, балалар тәрбиесіне тек мұғалімдер ғана емес, ата-аналар да қатысулары керек. Діни экстремистік топтарға кез келген адам түсе алады, әсіресе ондай қатерге біздің балаларымыз ұшыраулары мүмкін. Біздің міндетіміз – баланы түзу діни жолға қою, оны әрбір дінге құрметпен қарау көзқарасымен тәрбиелеу.

Кездесу қызықты, сергек өтті. Өсіп келе жатқан ұрпақ жактарынан, оларды осындай іс-шараларға көбірек шақыру тілегі айтылды.

А. АМЕРГАЛИЕВА, әкім аппаратының жетекші маманы

«КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС»



(басы 2-ші бетте)

Бұл — сол кездегі Қызыл әскердің 70 пайызы. Сол аралықта 20000 танкі, 17000 ұшақ қираған. Бұл апаттан Кеңес одағын оның мол адами және материалдық қоры құтқарып қалды. Сол адами және материалдық қор Кеңес үкіметіне ес жиоға, жоғалғалтқанын қалыпқа келтіруге мүмкіндік берді.

Соғыстың аса ауыр алғашқы жылдарында Қазақстанға үлкен салмақ түскені белгілі. Біздің елден майдан даласына сарбаздар, қару-жарақ, азық-түлік тиелген эшалондар лек-легімен аттанып жатты. Қазақ жерінде жасакталған 100-ші, 101-ші, 316-шы



және тағы басқа да атқыштар дивизиялары Мәскеуді қорғауға зор үлес қосты. Қоршауда қалған Ленинградқа «Ажал сокпағымен» азық-түлік, оқ-дәрі тасыған жүргізушілердің тең жартысы біздің отандастарымыз болды.

Иә, қазақстандықтар соғыс кезінде ерекше белсенділік танытты. Біздің

айтқан әңгімелерін талай естіген болатынбыз. «Қазақстандықтардың осынша белсенділік танытуы неден?» деген заңды сұрақ туады осы арада. Біріншіден, бұл біздің әскери қимылдарға географиялық жағынан жақын орналасқанымыздан. Екіншіден, әрине, қазақы қасиетімізден. Бізге басқа халықтар сияқты кейіндеп қалу

Жеңіс жаңғырығы

жоқ қой. «Отан үшін» деген жалғыз ауыз сөздің өзі жетіп жатыр бізге.

Соғыстан кейінгі статистикалық мәліметтер көп бұрмаланды немесе азайтылып көрсетілді. Сол бұрмалаушылық қазақстандықтарға да қатысты болды. Кезінде Сталин соғыста 7 миллион адам қаза болды деген екен. Ал Хрущев 20 миллион деп көрсеткен. КСРО-дағы жариялылық кезінде Қорғаныс министрлігі қаза болғандар санын 28 миллионға көтерді. Шетелдік М.Хайнес деген зерттеуші КСРО соғыста 42,7 миллион адам жоғалтты деген мәлімет келтіреді. Ресейдің бірқатар ғалымдары 30 миллионнан астам деген пікірде. Бұл не деген сөз? Бұл кеңес үкіметі соғыс кезінде адамдарды аяусыз, ысыраппен пайдаланған дегенді білдіреді.

Ұлы Отан соғысында біздің еліміз 400 мың адамынан айырылды деп саналады. Алайда бұл төмендетіліп берілген ақпарат. Бұл статистикаға соғысқа дейін, яғни 1939 – 1941 жылдар аралығында әскер қатарына алынғандар кірмеген. Олар соғысты әскери борышын өтеп жүріп қарсы алды. Сондай-ақ, соғысқа аттанғандарды есепке алудың да кемшіліксіз болмағаны белгілі. Кейбір адамдардың тізімге мүлде кірмегені де анықталып жатыр. Соның салдарынан адамдар санында нақтылық болмаған. Бұл зұлматта қанша отандасымыздан айырылғанымызды анықтау сагатистикалық комитеттердің еншісінде. Тек олар қол қусырып отырмай, іске кіріссе дұрыс болар еді.

Айтып-айтпай не керек, кеңес әскері соғыстың бар қиындығын басынан өткерді. Соның ішінде, әсіресе, әскери тұтқындар ерекше қасірет тартты. Лагерьлерде кеңес азаматтарына ешкім адам ретінде қарамады.

А.ТЛЕУАЗИН
(Жалғасы келесі санда)

ТУҒАН КҮНДЕРІҢІЗБЕН!!!

Р.М. Абдрахманов - 08. 02. 1980
(ТҮКШ және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы)

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!


Жаңашұлби ауылдық округінің тұрғыны Әміров Болат Қайдарұлы 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.

**Ақ тілекті ақтарамыз жүректен,
Қуанышта көңіл шіркін дір еткен.**

**Туылған күн құтты болсын деп
бүгін**

Өзіңізге үн қосамыз тілекпен!

Ізгі тілекпен: туысқандары



№ 1 ШЕШІМ

**«2015 жылдың 20 наурызы күні
Жезкент кенті әкімін сайлау туралы»
6 ақпан 2015 ж.**

Бородулиха ауданы

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 87 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 32 және 36 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың Концепциясын бекіту туралы» 2012 жылғы 28 қарашадағы № 438 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. 2015 жылдың 20 наурызы күні Жезкент кенті әкімін сайлау белгіленсін.
2. Жезкент кенті әкімін сайлауды өткізудің күнтізбелік жоспары бекітілсін.
3. Сайлау іс-шараларының келесі мезгілдері белгіленсін:
 - Әкімдікке кандидаттарды ұсыну 2015 жылдың 17 ақпанында басталып 21 ақпанында аяқталады;
 - Әкімдікке кандидаттарды тіркеу 2015 жылдың 22 ақпанында басталып 4 наурызында аяқталады;
 - Сайлау алдындағы үгіт 2015 жылдың 5 наурызынан басталып сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

С.ХАРЧЕНКО,

аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

А. МУХАЕВА,

аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

2015 жылдың 10 ақпанынан бастап асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру бойынша ауданның тауар өндірушілерін субсидиялау үшін өтінімдерді қабылдау басталғаны туралы хабарлаймыз.

Бородулиха ауданының ауылшаруашылық және ветеринария бөлімі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шығыс Қазақстан облысы ПД Бородулиха ауданы ішкі істер бөлімі 2015 жылы оқуға түсу үшін Қазақстан Республикасының ІІМ оқу орындарына үміткерлерді қабылдайтынын жариялайды:

- Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы Академиясы;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Қарағанды Академиясы;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай Академиясы;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Ақтөбе заң институты;
- Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскердің әскери институты, Петропавловск қаласы.

ҚР ІІМ оқу орындарына түсуді қалайтын үміткерлер: 2015 жылғы орта мектеп және оқу орындардың түлектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарында әскери қызмет атқарған адамдар Бородулиха ауданы ішкі істер бөліміне келуіне болады. Барлық сұрақтар бойынша Бородулиха ауданының ІІБ кадр бөліміне хабарласыңыздар. Байланыс телефоны: 2-19-91 (бастықтың орынбасары)

АПБ КБ

Новодворовка ауылдық округінің тұрғыны Бейлханова Рысбике Еркасимовнаның жеке меншігіндегі Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы, Ивановка ауылы, Молодежная көшесі, 32 үйге арналған жекешелендірілген құрылысты пайдалануға қабылдау комиссиясы 2006 жылдың 19 қыркүйегінде берген 11.09.2006 жылғы №2736 шешімінің түпнұсқасы жоғалғандығына байланысты **жарамсыз деп танылсын.**

«Аудан тынысы» - «Пұльс района» ЖШС басқарушы органы «ШҚО ішкі саясат басқармасы» ММ болып табылады

Директор-бас редактор
Екатерина БОЙЧЕНКО

Газет аптасына 2 рет шығады. Жарияланған материалдардағы деректердің дәлдігі үшін автор жауап береді. Басылған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарнама мен хабарламаның дәлдігі үшін редакция жауап бермейді.

Газет ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, аудандық «Аудан тынысы» - «Пұльс района» газеттерінің тіркеу туралы N 12375-Г куәлігі (05.03.2012) берілген

Директор-бас редактордың орынбасары,
Мейрамгүл АТАЕВА

E-mail: borodulihapuls@mail.ru

Редакцияның мекен-жайы: 070400, ШҚО Бородулиха ауылы, Тәуелсіздік к. N 69
Тел/факс 8(72351) 2 16 60 ТАП: 5788

Таралымы 4010 оның ішінде «Аудан тынысы»880

Газет «Шығыс-Ақпарат» ЖШС - нің баспаханасында басылады. Өскемен к., Космическая 6/3
Көлемі 2 баспа табақ